

Ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-В ҚРЗ.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы Заң 2016 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Колданушылар назарына!

Колданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

Осы Заң ауыл шаруашылығы кооперативтері мүшелерінің құқықтық жағдайын, құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының (одақтарының) құқықтық жағдайын, олардың құрылуы, қызметі, қайта ұйымдастырылуы және таратылуы тәртібін айқындайды.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастығы (одағы) – өз мүшелерінің қызметін үйлестіруді және олардың ортақ мүліктік және өзге де мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылатын ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ерікті түрде бірігу;

2) ауыл шаруашылығы кооперативінің қауымdasқан мүшесі (бұдан әрі – кооперативтің қауымdasқан мүшесі) – осындай мүше үшін ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында көзделген ақша түрінде мүлік (пай) жарнасын енгізген, ол бойынша дивидендер алатын, өзі енгізген мүлік (пай) жарнасы құнының шегінде ауыл шаруашылығы кооперативі қызметімен байланысты залалдар тәуекелін көтеретін, ауыл шаруашылығы кооперативінде кенесші дауыс құқығы бар, сондай-ақ осы Заңда және ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысында белгіленген шектеулер ескеріле отырып, басқа да құқықтар мен міндеттер берілген жеке немесе заңды тұлға;

3) ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтайшылары (бұдан әрі – кооператив құрылтайшылары) – құрылтай жиналышында ауыл шаруашылығы кооперативін құру туралы шешім қабылдайтын жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

4) ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшесі (бұдан әрі – кооператив мүшесі) – осы Заңның және ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысынң талаптарына сәйкес келетін, мүлік (пай) және кіру жарналарын енгізген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пай сатып алған, сондай-ақ осы

Заңда және ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысында белгіленген басқа да құқықтары мен міндеттері бар жеке (немесе) заңды тұлға;

5) ауыл шаруашылығы кооперативінің пай қоры (бұдан әрі – пай қоры) – кооператив құрылтайшылары оны құрған кезде, кооператив мүшелері, сондай-ақ кооперативтің қауымdasқан мүшелері енгізетін мүлік (пай) жарналарынан тұратын және ауыл шаруашылығы кооперативінің мүлкін қалыптастыру көздерінің бірі болып табылатын қор, оны қалыптастыру және пайдалану тәртібі ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында айқындалады;

6) ауыл шаруашылығы кооперативінің резервтік қоры (бұдан әрі – резервтік қор) – ауыл шаруашылығы кооперативі қызметінің процесінде туындаитын, оның ішінде күтпеген мән-жайлардың салдарынан келтірілген залалдарды жабуға және өзге шығыстарды қамтамасыз етуге арналған қор, оны қалыптастыру және пайдалану тәртібі ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында айқындалады;

7) ауыл шаруашылығы кооперациясы – ауыл шаруашылығы кооперативтері мен олардың қауымдастықтарының (одақтарының) жүйесі;

8) кіру жарнасы – мөлшерін кооперативтің құрылтайшылары айқындайтын және республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерінен аспайтын, кооператив құрылтайшылары ауыл шаруашылығы кооперативін құрған кездегі не оған кооперативтің мүшелері кірген кездегі ұйымдастыру мәселелерімен байланысты шығыстарды жабуға арналған және кооператив мүшесі одан шыққан кезде қайтаруға жатпайтын ақша түріндегі бастапқы жарна;

9) қосымша жарна – өзінің пайын ұлғайту үшін не кооператив мүшелерінің жалпы жинаалысының шешімімен көзделген жағдайларда ерікті түрде өзі енгізетін кооператив мүшесінің мүліктік жарнасы;

10) мүлік (пай) жарнасы – кооператив құрылтайшысының және мүшесінің пай қорына мүлік түріндегі (ақша, бағалы қағаздар және басқа да қаржы құралдары, заттар, шығармашылық зияткерлік қызметтің объектілендірілген нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымдарды дараландырудың өзге де құралдары, мүлік және зат құқықтары және басқа да мүлік), сондай-ақ кооперативтің қауымдақсан мүшесінің пай қорына ақша түріндегі жарнасы;

11) пай – кооператив мүшесінің пай қорындағы үлесі.

3-бап. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы кооперативтері туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше қағидалар белгіленсө, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің негізгі мақсаттары мен қағидаттараты

1. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің негізгі мақсаттары:

1) кооператив мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыру және олардың мұдделерін қорғау;

2) кооператив мүшелерінің кірістерін арттыру;

3) ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, қайта өндеу, өткізу, сақтау, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау салаларында бәсекелестік ортаны құру;

4) инфрақұрылымды дамыту және ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндірушіден тұтынушыға тікелей беруді қамтамасыз ету;

5) кооператив мүшелерінің қажетті ресурстарды тиімді шарттар бойынша сатып алудына жәрдемдесу және өздерінің өндірістік және өзге де шаруашылық қызметін қаржыландыруға қол жеткізе алу болып табылады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылуы мен қызметінің негізгі қағидаттары:

1) ауыл шаруашылығы кооперативіне кірудің және одан шығудың еріктілігі, осы Заңың және ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысының талаптарына сәйкес келетін кез келген тұлғалардың кіру мүмкіндігі;

2) кооперативтің қауымдастырылған мүшелерін қоспағанда, кооператив мүшелерінің тен құқықтылығына негізделген басқарудың демократиялығы: мұлік (пай) жарналарының мөлшері мен санына қарамастан бір мүше – бір дауыс;

3) ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарының сайланбалылығы және оның мүшелерінің жалпы жиналышына есеп беріп отыруы;

4) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің дербестігі және қызметінің тәуелсіздігі;

5) ауыл шаруашылығы кооперативінің өз мүшелеріне тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өзіндік құны бойынша сатуы;

6) өзара көмек және кооператив мүшелері үшін экономикалық пайданы қамтамасыз ету;

7) ауыл шаруашылығы кооперативінің, ауыл шаруашылығы кооперативтері қауымдастырылған (одағының) қызметі туралы ақпаратқа олардың барлық мүшелерінің қолжетімділігі болып табылады.

5-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің құқықтық жағдайы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген - КР 09.04.2025 № 179-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Ауыл шаруашылығы кооперативі ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруде, қайта өндеуде, өткізуде, сақтауда, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтауда, кредиттеуде, сумен қамтамасыз етуде немесе кооперативтің мүшелеріне, сондай-ақ кооперативтің қауымдастырылған мүшелеріне басқа да сервистік қызмет көрсетуде олардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бірлескен өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін жеке және (немесе) заңды тұлғаларды ерікті түрде біріктіру жолымен мүшелік негізінде құрылатын өндірістік кооперативтің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативі, егер құрылтай құжаттарында оның белгілі бір мерзімге немесе белгілі бір мақсатқа қол жеткізу үшін құрылатыны көзделмесе, белгіленбegen мерзімге құрылған болып есептеледі.

3. Ауыл шаруашылығы кооперативі коммерциялық ұйым болып табылады, оның азаматтық құқықтары болады және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға қажетті, оның қызметімен байланысты міндеттерді атқарады.

4. Ауыл шаруашылығы кооперативінің фирмалық атауы "Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі" деген сөздерді немесе "АӨК" деген аббревиатураны көрсете отырып, оның атауын қамтуға тиіс.

Ауыл шаруашылығы кооперативі фирмалық атаудың қысқарған нысанын және оның шет тілдердегі баламаларын пайдалануға да құқылы.

5. Ауыл шаруашылығы кооперативіндегі еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

Кооператив мүшелерінің ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметіне жеке енбегімен қатысуы міндетті болып табылмайды.

6-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің негізгі түрлері

1. Ауыл шаруашылығы кооперативтері қызметінің негізгі түрлері ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру, қайта өндеу, өткізу, сақтау, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау және кооперативтің мүшелеріне, сондай-ақ кооперативтің қауымдастырылған мүшелеріне сервистік қызмет көрсетудің басқа да түрлері болып табылады.

Ауыл шаруашылығы кооперативі қызметтің бір және (немесе) бірнеше түрлерімен айналысуға құқылы, бұл оның жарғысында көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы кооперативтері тиісті рұқсаттың (лицензияның) негізінде Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуга құқылы.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативі қызметінің негізгі түрі оның фирмалық атауында көрсетілуі мүмкін.

7-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру жөніндегі қызметі

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіру жөніндегі қызметі ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы шикізатынан жасалатын кең тұтынылатын тауарларды өндіруге және қайта өндеуге бағытталған.

8-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін қайта өндеу жөніндегі қызметі

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін қайта өндеу жөніндегі қызметі ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін қайта өндеуге және көтерме және (немесе) бөлшек сауда жүйесі арқылы, сондай-ақ кооперативтің қауымдастырылған мүшелерінің (мұндайлар болған кезде) сауда жүйесін пайдалану арқылы одан әрі сатуға бағытталған.

9-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өткізу жөніндегі қызметі

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің кооператив мүшелерінің және (немесе) ауыл шаруашылығы кооперативінің өзі тікелей өндіретін ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өткізу жөніндегі қызметі кооператив мүшелерінің және басқа да тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өткізу жөніндегі қызметіне жас және (немесе) қайта өнделген түрінде шикізатты жинау, дайындау, сактау, сұрыптау, кептіру, сату да, сондай-ақ маркетингтік қызметтер және кооператив мүшелері және (немесе) ауыл шаруашылығы кооперативінің өзі өндіретін ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін тасымалдау қызметтері жатады.

10-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау жөніндегі қызметі

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау жөніндегі қызметі кооператив мүшелерін өндіріс процесінде қажетті өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен: жанар-жағармай материалдарымен,

тұқымдармен, тыңайтқыштармен, пестицидтермен, ветеринариялық препараттармен, жемшөппен, ауыл шаруашылығы техникасымен және технологиялық жабдықтармен, қосалқы бөлшектермен, құрылым мен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11-бапқа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 09.04.2025 № 179-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

11-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің сервистік қызмет көрсету жөніндегі қызметі

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің сервистік қызмет көрсету жөніндегі қызметі кооператив мүшелеріне ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін өндіруге, қайта өндеуге және сатуға, сондай-ақ әртүрлі салада (материалдық-техникалық, агротехникалық, көліктік қызмет көрсету, кредиттеу, сумен қамтамасыз ету, электрмен жабдықтау, техникины жөндеу мен оған қызмет көрсету, телефондандауды, мал тұқымын асылдандауды және селекция қызметі, ветеринариялық қызмет көрсету, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы, ормандар өсірудегі зерттеулер, бухгалтерлік есеп және аудит, консультациялық қызмет көрсету және басқа салаларда) олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты көрсетілетін қызметтерді ұсынуға бағытталған.

2-тaraу. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАЦИЯСЫН ДАМЫТУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕКІ РЕТТЕУ

12-бап. Мемлекеттік органдар және ауыл шаруашылығы кооперативтері

1. Ауыл шаруашылығы кооперативтері өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жарғысына, сондай-ақ кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыл шаруашылығы кооперативінің, ауыл шаруашылығы кооперативтері қауымдастырының (одағының) шаруашылық, қаржылық және өзге де қызметіне араласуға құқығы жоқ.

2. Мемлекеттік органдардың немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ауыл шаруашылығы кооперативінің, ауыл шаруашылығы кооперативтері қауымдастырының (одағының) құқықтарын бұзатын актілері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

3. Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының заңсыз шешімдері, әрекеттері (әрекетсіздігі)

салдарынан ауыл шаруашылығы кооперативіне, ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастығына (одағына) келтірілген залалдар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен өтеледі.

13-бап. АгроОнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы үәкілетті органның құзыretі

АгроОнеркәсіп кешенін дамыту саласындағы үәкілетті орган агроОнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру шенберінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруды ынталандыру мақсатында:

1) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылудың және қызметінің тәжірибесін, оның ішінде интернет-ресурстар арқылы тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуде және іске асыруда ақпараттық, консультациялық және әдістемелік көмек көрсетуді жүзеге асырады;

2) мыналар:

ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметіне қатысты қолайлы салықтық, қаржы-кредиттік, инвестициялық саясатты құру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтерін мемлекеттік қолдау бойынша ұсыныстар әзірлейді;

3) ауыл шаруашылығы кооперациясы үшін кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға және ауыл шаруашылығы кооперациясы мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге жәрдемдеседі;

4) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілдептіктерді жүзеге асырады.

14-бап. Жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттардың) және жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) құзыretі

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті өкілді органдары (мәслихаттары) агроОнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыру шенберінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруды ынталандыру мақсатында:

1) тиісті аумақтарды дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекіту, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетті бекіту кезінде көрсетілген құжаттарда, ақпараттық және қаржылық қолдауды қоса алғанда, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің кооперациясын дамыту саласындағы іс-шараларды қаржыландырудың қажетті көлемдерін көздейді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілдептіктерді жүзеге асырады.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары (әкімдіктері) агроОнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік саясатын

іске асыру шенберінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруды ынталандыру мақсатында:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтерін мемлекеттік қолдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді және іс-шараларды жүзеге асырады;

2) ауыл шаруашылығы кооперативтеріне және олардың мүшелеріне шығаратын өнімінің ассортименті бойынша сауда орындарын бере отырып, өнірлік көрмелер, жәрменкелер ұйымдастырады;

3) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің өнімін сату үшін коммуналдық базарларда сауда орындарын жөнілдікті шарттармен ұсынады;

4) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің құрылу және қызметінің тәжірибесін тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;

5) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту үшін қаржы ұйымдарының инвестициялары мен кредиттерін тарту, сондай-ақ бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру мен дамыту, оларды жаңғырту үшін жағдайлар жасау және сапа менеджментінің халықаралық жүйелеріне көшіру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;

6) ауыл шаруашылығы кооперациясының ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі және дамуы үшін жағдайлар жасайды;

7) жергілікті мемлекеттік басқарудың мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІН ҚҰРУ

15-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативін құру тәртібі

1. Ауыл шаруашылығы кооперативі құрылтай жиналышының шешімі бойынша, сондай-ақ заңды тұлғаларды ауыл шаруашылығы кооперативіне қайта құру жолымен құрылады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативі кемінде үш құрылтайшының шешімі бойынша құрылады.

3. Құрылтай жиналышында құрылтайшылар ауыл шаруашылығы кооперативін құру туралы шешімді қабылдайды, оның жарғысын, кооператив құрылтайшыларының тізімін бекітеді, мемлекеттік тіркеу үшін ауыл шаруашылығы кооперативінің құжаттарына қол қоюға және оларды ұсынуға, кооперативтің құрылтайшылары мүлік (пай) жарнасы ретінде енгізетін мүлікті, оның ішінде мүліктік және заттық құқықты ақшамен бағалауды белгіленген тәртіппен жүргізуге үәкілеттік берілген адамдарды сайлайды, ауыл шаруашылығы кооперативінің фирмалық атауын және орналасқан

жерін, қызмет тұрларін айқындайды, ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарын сайлайды және ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылуына және қызметінің басталуына қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

4. Ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай құжаттары ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай шарты және жарғысы болып табылады.

5. Занда тұлға ретінде ауыл шаруашылығы кооперативінің құқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны мемлекеттік тіркеу сәтінен басталады.

6. Ауыл шаруашылығы кооперативін мемлекеттік тіркеуден кейін оның құрылтайшылары құқықтарға ие болады және кооперативтің қауымдастырылған мүшелерін қоспағанда, осы Занда, құрылтай шартында және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында оның мүшелері үшін белгіленген міндеттерді атқарады.

16-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай шарты

1. Ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай шарты кооператив құрылтайшыларының арасында жасалады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай шартында мыналар:

1) ауыл шаруашылығы кооперативін құру туралы шешім, оның қызметінің негізгі бағыттары мен тұрларі, толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері (атқарушы басқару органының орналасқан жері), басқару органдары;

2) кооператив құрылтайшыларының атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірлері (егер құрылтайшы занда тұлға болса) немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілген болса), тұрақты тұратын жері мен жеке сәйкестендіру нөмірі (егер құрылтайшы жеке тұлға болса) көрсетілген кооператив құрылтайшыларының тізбесі;

3) ауыл шаруашылығы кооперативін құру бойынша қызметтің тәртібі; кооперативтің құрылуына байланысты оның құрылтайшыларының міндеттері, сондай-ақ кооператив құрылтайшыларының оны құру жөніндегі қызметті жүзеге асыруының өзге де шарттары; көрсетілген адамдардың, сондай-ақ кооперативті құру мен тіркеу процесінде құрылатын ауыл шаруашылығы кооперативінің тиісті мемлекеттік органдарда мүдделерін білдіру тапсырылатын басқа да адамдардың өкілеттіктерін айқындау;

4) кооперативтің әрбір құрылтайшысының мүлік (пай) жарнасының құрамы, мөлшері мен енгізу мерзімдері туралы мәліметтер, сондай-ақ мүлік (пай) жарналарының уақтылы енгізілмеуінің салдары;

5) кіру жарналарының мөлшері мен енгізу мерзімдері туралы мәліметтер;

6) ауыл шаруашылығы кооперативінен оның құрылтайшыларының шығу тәртібі;

7) ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысын бекіту тәртібі қамтылуға тиіс.

3. Құрылтай шарты коммерциялық құпия болып табылатын құжаттар құрамына кіреді және Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жағдайларда ұсынылады.

17-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысы

1. Ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысы оның занды тұлға ретіндегі құқықтық жағдайын айқындастырып құжат болып табылады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысы құрылтай жинаалысында кооператив құрылтайшыларының айқын басым көпшілік даусымен (кемінде үштен екі бөлігі) бекітіледі және онда:

- 1) фирмалық атауы мен үйымдастыру-құқықтық нысаны;
- 2) кәсіпкерлік субъектісінің мәртебесі;
- 3) орналасқан жері (атқарушы басқару органдарының орналасқан жері);
- 4) құру мақсаттары мен қызметінің түрлері;
- 5) ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарын қалыптастыру тәртібі және олардың құзыреті, шешімдер қабылдау тәртібі;
- 6) кооператив мүшелерінің, оның ішінде сырттай, кезекті және кезектен тыс жалпы жинаалысын шақыру және өткізу тәртібі;
- 7) ауыл шаруашылығы кооперативіне мүшелердің кіру тәртібі мен шарттары, оның ішінде кооперативтің қауымдасқан мүшелерінің кіру тәртібі мен шарттары, ауыл шаруашылығы кооперативінен шығу тәртібі;
- 8) ауыл шаруашылығы кооперативінен шығарудың негіздері мен тәртібі;
- 9) ауыл шаруашылығы кооперативінде мүшелігін тоқтатқан кооператив мүшелеріне пай төлеу (беру) тәртібі;
- 10) ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметінде пайда болатын құжаттардың нысандары мен түрлері, ауыл шаруашылығы кооперативінің құжаттамасын жүргізу тәртібі;
- 11) кооператив мүшелерінің, сондай-ақ кооперативтің қауымдасқан мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 12) ауыл шаруашылығы кооперативінің мүлкін қалыптастыру көздері;
- 13) кооператив мүшелерінің мүлік (пай) және кіру жарналарының мөлшері мен оларды енгізу тәртібі, кооперативтің қауымдасқан мүшелерінің мүлік (пай) жарналарын енгізу тәртібі мен шарттары, сондай-ақ мүлік (пай) жарналарын уақытында енгізбеу салдары;
- 14) кооператив мүшелерінің оның қызметіне қатысу сипаты мен тәртібі;
- 15) кооператив төлемдері мен кірісін бөлу тәртібі;
- 16) ауыл шаруашылығы кооперативінің залалдарын жабу тәртібі мен шарттары;
- 17) ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

18) қорлардың (пай, резерв) түрлері, мөлшерлері, оларды қалыптастыру және пайдалану тәртібі;

19) ауыл шаруашылығы кооперативі қызметінің түрін өзгерту шарттары;

20) ауыл шаруашылығы кооперативін қайта ұйымдастыру және тарату шарттары міндетті турде қамтылуға тиіс.

3. Кооператив құрылтайшылары жалпы жиналышының шешімі бойынша оның жарғысы өзге де, оның ішінде агроенеркесіп кешенін дамыту саласындағы уәкілетті орган әзірлейтін және бекітетін ауыл шаруашылығы кооперативінің үлгілік жарғысында қамтылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін мәліметтерді қамтуы мүмкін.

18-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, ауыл шаруашылығы кооперативінің жаңа редакциядағы жарғысын қабылдау

Ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар, ауыл шаруашылығы кооперативінің жаңа редакциядағы жарғысын қабылдау кооператив мүшелерінің жалпы жиналышында айқын басым көпшілік дауыспен немесе кооперативтің айқын басым көпшілік мүшелерінің жазбаша келісуімен (сырттай дауыс беру) қабылданады. Айқын басым көпшілік кооператив мүшелерінің жалпы санының үштен екісін құрайды.

19-бап. Филиалдар мен өкілдіктер

1. Ауыл шаруашылығы кооперативі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативінің орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және оның функцияларының бәрін немесе бір бөлігін, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оның оқшауланған бөлімшесі ауыл шаруашылығы кооперативінің филиалы болып табылады.

3. Ауыл шаруашылығы кооперативінің орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және ауыл шаруашылығы кооперативін қорғауды және оның мүдделерін білдіруді жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер және өзге де құқықтық іс-қимылдар жасайтын оның оқшауланған бөлімшесі ауыл шаруашылығы кооперативінің өкілдігі болып табылады.

4. Ауыл шаруашылығы кооперативінің филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға болып табылмайды. Оларға өздерін құрған ауыл шаруашылығы кооперативі мүлік береді және олар кооператив бекіткен ереже негізінде жұмыс істейді.

5. Ауыл шаруашылығы кооперативінің филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-тaraу. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІНІҢ МҰЛКІ

20-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің мұлкін қалыптастыру көздері

1. Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүлкі оның мүшелерінің мүлік (пай) жарналарының, кіру, қосымша жарналарының, кооперативтің қауымдасты мүшелерінің мүлік (пай) жарналарының, өз қызметінен алынатын табыстар есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі болады.

3. Ауыл шаруашылығы кооперативінің мүлкіне иелік етуді, оны пайдалануды және оған билік етуді оның басқару органдары өздеріне берілген өкілдіктер шегінде жүзеге асырады.

Ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында көзделген жағдайларда оның мүлкіне билік ету бойынша өкілдіктер кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

4. Ауыл шаруашылығы кооперативі өз қызметін жүзеге асыру үшін қорлар (пайлық, резервтік) құруға құқылы. Бұл қорлардың түрлері, мөлшерлері, оларды қалыптастыру және пайдалану тәртібі ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешіміне сәйкес көзделеді.

5. Ауыл шаруашылығы кооперативі таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген кезектілік тәртіппен жүргізілген төлемдерден, сондай-ақ пайлар төленгеннен (берілгеннен), кооперативтік төлемдер мен кірістер бөлінгеннен кейін қалған оның мүлкі кооператив мүшелерінің арасында енгізілген мүлік (пай) жарналарына пропорционалды түрде бөлінеді.

21-бап. Кооператив мүшелерінің пайлары мен жарналары

1. Пайдың мөлшері кооператив мүшесі енгізген мүлік (пай) жарнасына пропорционалды болады. Қосымша жарна енгізген кезде пайдың мөлшері тиісінше ұлғаяды.

2. Мүлік (пай) жарналарының есебі құндық мәнде жүргізіледі. Мүлік (пай) жарнасы есебіне заттай нысанда мүлік енгізілген жағдайда осындай жарнаны ақшамен бағалауды ауыл шаруашылығы кооперативінің басқармасы кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы бекітетін әдістеме бойынша жүргізеді.

Егер мүліктің құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың есе мөлшеріне барабар сомадан асатын болса, оны бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен расталуға тиіс.

Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен мүлік (пай) жарнасы ретінде заттай нысанда енгізілетін мүліктің бағалауын ауыл шаруашылығы кооперативі қаражатының есебінен жүргізу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Кооператив мүшесі кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы бекіткен әдістеме бойынша енгізілген мүлік (пай) жарнасының бағалануымен келіспеген жағдайда енгізілетін жарналарды бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның есебінен жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы кооперативіне мүлік (пай) жарнасы ретінде мүлікті пайдалану құқығы берілген жағдайларда осындай жарнаның мөлшері құқық белгілейтін немесе құрылтай құжаттарында көрсетілген, бүкіл мерзімге есептелген пайдаланғаны үшін төлеммен айқындалады.

Жерді пайдалану құқығын мүлік (пай) жарнасы ретінде беру Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

3. Қосымша жарналар енгізу туралы шешімді кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

22-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативі мен оның мүшелерінің мүліктік жауапкершілігі

1. Ауыл шаруашылығы кооперативі өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді.

Ауыл шаруашылығы кооперативі өзінің мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

2. Кооператив мүшелері ауыл шаруашылығы кооперативінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында өзгеше көзделмесе, өздері енгізген мүлік (пай) жарналарының құны шегінде ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметімен байланысты залалдардың тәуекелін көтереді

23-бап. Кооператив мүшелеріне кооперативтік төлемдер

1. Кооператив мүшелеріне кооперативтік төлемдер – кооператив мүшелеріне ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында белгіленген тәртіппен олардың ауыл шаруашылығы кооперативінің өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметінде қатысуына пропорционалды түрде төленетін ауыл шаруашылығы кооперативі табысының бір бөлігі.

2. Кооперативтік төлемдерді бөлу туралы шешім ауыл шаруашылығы кооперативінің тиісті жылдағы қызметінің нәтижелерін бекіту бойынша кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі қабылданғанға дейін қабылданады.

24-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің таза табысын оның мүшелері арасында бөлу

1. Ауыл шаруашылығы кооперативінің бір жыл ішіндегі өз қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысын кооператив мүшелерінің арасында бөлу ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысына сәйкес кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы таза табысты немесе оның бір бөлігін кооператив мүшелерінің арасында бөлуден алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативі кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының таза табысты бөлу туралы шешімі қабылданған күннен бастап бір ай ішінде таза табысты төлеуді ақшалай нысанда жүргізуге тиіс.

5-тaraу. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІНДЕГІ МҮШЕЛЕК

25-бап. Кооператив мүшелерінің, сондай-ақ кооперативтің қауымdasқан мүшелерінің құқықтық жағдайы

1. Осы Заңда және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы кооперативіне қабылданған жеке және (немесе) заңды тұлғалар кооперативтің мүшелері бола алады.

Жеке және заңды тұлғалар қызмет түрлері бойынша әртүрлі бірнеше ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мүшелері бола алады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативінде қауымdasқан мүшелікке жол беріледі. Бұл ретте кооперативтің қауымdasқан мүшелерінің жалпы саны кооператив мүшелерінің жалпы санының бестен бір бөлігінен аспауға тиіс.

Ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін және басқа да өнімдерді өндірушілер болып табылатын жеке немесе заңды тұлғалар қауымdasқан мүшелер бола алады, олар ауыл шаруашылығы кооперативінің (сондай-ақ оның мүшелерінің) өндірісті, оның ішінде өз өндірісін ұйымдастыру және дамыту үшін аталған өнімді беруіне кепілдік ету мақсатында шикізат үшін алдын ала төлем ретінде ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында кооперативтің қауымdasқан мүшелері үшін көзделген мүлік (пай) жарнасын енгізеді.

3. Кооперативтің қауымdasқан мүшелері ауыл шаруашылығы кооперативінің өндірістік және (немесе) өзге де шаруашылық қызметіне қатысуға міндетті емес.

4. Кооперативтің қауымdasқан мүшелерінің мүлік (пай) жарналарының мөлшері және олар бойынша дивидендтер төлеу шарттары, қауымdasқан мүшени қабылдау және мүшелікті тоқтату тәртібі осы Заңға сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысымен айқындалады және ауыл шаруашылығы кооперативінің кооперативтің қауымdasқан мүшелерімен жасасатын шартының талаптарында көзделеді. Осындаш шартта осы Заңға және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысына қайшы келмейтін басқа да ережелер көзделуі мүмкін.

26-бап. Кооператив мүшелерінің, сондай-ақ кооперативтің қауымdasқан мүшелерінің құқықтары

1. Кооператив мүшесі:

1) ауыл шаруашылығы кооперативінің істерін басқаруға, сондай-ақ, кооперативтің қауымdasқан мүшелерін қоспағанда, бір даусықа ие құқығымен кооператив

мүшелерінің жалпы жиналышының жұмысына қатысуға құқылы. Бұл ретте осы құқығын кооперативтің басқа мүшелеріне беруге болмайды;

2) ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарын сайлауға және оларға сыйлануға, ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметін жақсарту, оның органдарының жұмысындағы және кооперативтің қауымдастырылған мүшелерін қоспағанда, лауазымды адамдарының жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізуге;

3) ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметі туралы толық ақпарат алуға, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативінің жылдық қаржы есебімен, бухгалтерлік және басқа да құжаттамасымен танысуға;

4) кооперативтің қауымдастырылған мүшелерін қоспағанда, кооператив мүшелерінің жалпы жиналышында кооперативтік төлемдерді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативі алған таза табысты бөлуге қатысуға;

5) кооперативтік төлемдерді және кооперативтің қауымдастырылған мүшелерін қоспағанда, кооператив мүшелерінің арасында бөлуге жататын таза табыстың үлесін алуға;

6) ауыл шаруашылығы кооперативіндегі өзінің еңбекі үшін төлем алуға;

7) ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында өз мүшелері үшін көзделген, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативінің мүлкін пайдалану, ауыл шаруашылығы кооперативінен материалдық және өзге де көмек алу бөлігінде жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдалануға;

8) кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешімі бойынша ауыл шаруашылығы кооперативінің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) өзіндік құны бойынша және бірінші кезектегі тәртіппен сатып алуға;

9) осы Занда белгіленген жағдайларда пайды төлеуге (беруге);

10) ауыл шаруашылығы кооперативінен осы Занда және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында белгіленген тәртіппен шығуға құқылы.

2. Кооперативтің қауымдастырылған мүшелерінің мыналарға:

1) кооператив мүшелерінің жалпы жиналышында оған кірген және мүлік (пай) жарнасын енгізген кезде айқындалған бағалар бойынша кооператив мүшелерімен қатар ауыл шаруашылығы өніміне, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өніміне қажеттіліктерін бірінші кезекте қанағаттандыруға;

2) өзі енгізген мүлік (пай) жарналары бойынша дивидендтер алуға;

3) ауыл шаруашылығы кооперативінен шыққан немесе ол таратылған кезде өзінің мүлік (пай) жарналары құнының төленуіне;

4) кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы шешімдер қабылдаған кезде кеңесші дауыс беруге;

5) ауыл шаруашылығы кооперативінен осы Занда және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында белгіленген тәртіппен шығуға құқығы бар.

3. Кооператив мүшесінің осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында және ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

4. Осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында және ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай құжаттарында көзделген кооператив мүшесінің құқықтарын, оның ішінде кооператив мүшелерінің келісімі бойынша кез келген нысанда шектеуге жол берілмейді.

27-бап. Кооператив мүшелерінің міндеттері

1. Кооператив мүшесі:

1) ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай құжаттарында көзделген талаптарды сақтауға;

2) кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының, басқа да ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарының өздерінің құзыретіне сәйкес қабылдаған шешімдерін орындауға;

3) ауыл шаруашылығы кооперативінің мүлкіне мүлік (пай) және кіру жарналарын, сондай-ақ қосымша жарналарды ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай құжаттарында көзделген тәсілмен, тәртіппен және мөлшерде енгізуге;

4) ауыл шаруашылығы кооперативі өзінің коммерциялық құпиясы деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

2. Кооператив мүшесі осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында және ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай құжаттарында көзделген басқа да міндеттерді атқаруы мүмкін.

28-бап. Кооператив мүшелерін, сондай-ақ кооперативтің қауымдастын мүшелерін ауыл шаруашылығы кооперативіне қабылдау

1. Кооператив мүшелерін, сондай-ақ кооперативтің қауымдастын мүшелерін ауыл шаруашылығы кооперативіне қабылдау осы Заңның және ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысының нормалары сақтала отырып жүргізіледі және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысына сәйкес кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешімімен ресімделеді.

Кооперативтің қауымдастын мүшелерін қабылдау ауыл шаруашылығы кооперативінің кооперативтің қауымдастын мүшелерімен жасасатын шарты негізінде жүзеге асырылады.

2. Кооперативтің мүшелігіне қабылдау туралы өтініште ауыл шаруашылығы кооперативі жарғысының талаптарын сақтау, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында көзделген мүлік (пай) және кіру жарналарын енгізу жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

3. Өтініш беруші мүлік (пай) және кіру жарналарын енгізген күннен бастап кооператив мүшелігіне қабылданған болып есептеледі.

4. Кооператив мүшесіне ауыл шаруашылығы кооперативіндегі мүшелікті растайтын құжат болып табылатын мүше кітапшасы беріледі, онда: кооператив мүшесі туралы деректер, сондай-ақ хронологиялық тәртіппен өзі енгізген мүлік (пай) жарнасының мөлшері және оны енгізу мерзімдері; кіру жарнасының мөлшері; қосымша жарналардың мөлшері мен саны, сондай-ақ олардың нысаны (ақшалай, мүліктік) туралы мәліметтер көрсетіледі.

29-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативіндегі мүшелікті тоқтату

1. Ауыл шаруашылығы кооперативіндегі мүшелік:

- 1) ауыл шаруашылығы кооперативінен шықкан;
- 2) пай басқа тұлғалардың иелігіне берілген;
- 3) кооператив мүшесі немесе кооперативтің қауымдастырылған мүшесі болып табылатын жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған;
- 4) ауыл шаруашылығы кооперативінен шығарылған;
- 5) кооператив мүшесі немесе кооперативтің қауымдастырылған мүшесі болып табылатын жеке тұлға қайтыс болған, оны сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған;
- 6) ауыл шаруашылығы кооперативі таратылған жағдайларда тоқтатылады.

2. Кооперативтің әрбір мүшесінің осы Заңда және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында белгіленген тәртіппен ауыл шаруашылығы кооперативіндегі өзінің мүшелігін өз еркімен тоқтатуға құқығы бар. Өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде ауыл шаруашылығы кооперативінен шығу туралы өтініш қаралуға тиіс.

30-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативіндегі мүшелік тоқтатылған кезде пайды сату, төлеу (беру)

1. Кооператив мүшесі өзінің пайын басқа тұлғаның иелігіне беруге және ауыл шаруашылығы кооперативінен шығуға құқылы. Егер ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында өзгеше белгіленбесе, пайды кооперативтің мүшелері болып табылмайтын тұлғалардың иелігіне беруге болады. Пайды сату кезінде кооперативтің басқа мүшелері артықшылықпен сатып алу құқығын пайдаланады.

2. Осы Заңның 29-бабы 1-тармағының 1), 3 — 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша ауыл шаруашылығы кооперативіндегі мүшелік тоқтатылған кезде кооператив мүшесіне немесе оның құқықтық мирасқорына оның пайы, сондай-ақ кооператив мүшесіне тиесілі кооперативтік төлемдер мен ауыл шаруашылығы кооперативінің таза табысының бір бөлігі төленеді (беріледі). Пай төлеу (беру) туралы шешімді ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысына сәйкес кооператив мүшелерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

3. Пайды төлеу (беру) ауыл шаруашылығы кооперативінің басқармасы белгілеген мерзімде жүзеге асырылады, бірақ ауыл шаруашылығы кооперативіндегі мүшелік тоқтатылған күннен бастап бір жылдан аспауға тиіс.

4. Егер ауыл шаруашылығы кооперативінің кооперативтен шығатын мүшесіне оның пайын төлеуге (беруге) мүмкіндігі болмаса, кооперативтің жалпы жиналышы кооперативтің басқа мүшелерінің қосымша жарналар енгізуі туралы шешім шығарады, пай солардың есебінен төленеді (беріледі).

5. Кооперативтің қауымдасқан мүшесі болып табылатын жеке тұлғаның қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған кезде оның енгізген мүлік (пай) жарнасын төлеу ауыл шаруашылығы өнімі, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімі есебінен, оның ішінде кооператив мүшелерінің қосымша жарналары есебінен ақшалай және (немесе) заттай нысанда жүзеге асырылуы мүмкін. Кооперативтің қауымдасқан мүшелері ауыл шаруашылығы өнімін, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өнімін үшінші тұлғаларға кепілдікті беруін талап ету құқығын иеліктен шығарған кезде міндеттемелерді орындауды ауыл шаруашылығы кооперативі кооперативтің қауымдасқан мүшесімен жасалған шарттың немесе өзге де құжаттың талаптарына сәйкес осындай тұлғалар жүзеге асырады.

6. Кооператив мүшелері ауыл шаруашылығы кооперативінен шыққан кезде оларға жер участелері немесе оларға заттық құқық түрінде пай төлеу (беру) ерекшеліктері Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленеді.

31-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінен шығару

1. Ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында ауыл шаруашылығы кооперативінен шығару шарттары, сондай-ақ осындай шығару тәртібі көзделуі мүмкін. Ауыл шаруашылығы кооперативінен шығарылған тұлға кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы оны шығару туралы шешім қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлануға тиіс.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативінен шығарылған тұлға кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

32-бап. Кооператив мүшесінің борыштары бойынша өндіріп алу және кооператив мүшесінің құқықтық мирасқорларының мұрагерлік және кооператив мүшесі болып табылатын заңды тұлғаны қайта үйімдастыру кезіндегі құқықтары

1. Кооператив мүшесінің пайы осындай борыштарды жабу үшін өзге мүлкі жеткіліксіз болған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның кредиторларының талаптары бойынша өндіріп алу нысанасы болуы мүмкін.

2. Кооператив мүшесінің мұрагерлері, егер ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында өзгеше көзделмесе, өтініш негізінде кооператив мүшесінің құқығын иемденуге құқылы.

3. Кооператив мүшесі немесе кооперативтің қауымдасқан мүшесі болып табылатын заңды тұлғаны басқа үйімдүк-құқықтық нысандарға қайта құру жолымен оны қайта үйімдастырған кезде, қайта кәсіби бейіндеуге байланысты мүшелікті тоқтатуға

негіздер болған жағдайларды қоспағанда, кооператив мүшесінің құқығына жаңадан құрылған заңды тұлға ие болады.

4. Кооператив мүшесі немесе кооперативтің қауымdasқан мүшесі болып табылатын заңды тұлғаны қосу жолымен қайта ұйымдастырған кезде қосылған заңды тұлғаның мүшелігі тоқтатылады және оның үлесі өзі қосылған заңды тұлғаға ауысады. Егер өзіне қосылған заңды тұлға кооператив мүшесі болып табылмаса, оны кооператив мүшелігіне қабылдау жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Кооператив мүшесі немесе кооперативтің қауымdasқан мүшесі болып табылатын заңды тұлғаны бөлу немесе біріктіру жолымен қайта ұйымдастырған кезде қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның мүшелігі тоқтатылады. Мұндай мүшелердің үлестерін алу құқығы бөлу балансына және тапсыру актісіне сәйкес жаңадан құрылған заңды тұлғаларға ауысады. Мұндай адамдар кооператив мүшесінің құқықтарын өтініш негізінде алады.

6. Кооператив мүшесінің мұрагерлері кооператив мүшесінің құқықтарына ие болмаған жағдайда оларға Қазақстан Республикасының заңнамасында және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында белгіленген тәртіппен өздерінің пайы, сондай-ақ кооперативтің мүшесіне тиесілі кооперативтік төлемдер және ауыл шаруашылығы кооперативінің таза табысының бір бөлігі төленуге (берілуге) тиіс.

6-тaraу. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІН БАСҚАРУ

33-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарының жүйесі

1. Ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдары:

1) жоғары орган – кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы;

2) атқарушы орган – осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, төраға басшылық ететін басқарма;

3) бақылау органы – тексеру комиссиясы болып табылады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарының жүйесі және олардың өкілеттіктері, басқарма мүшелерін сайлау және кері шақыртып алу тәртібі, сондай-ақ кооператив мүшелерінің жалпы жиналышын шақыру және өткізу тәртібі осы Заңға сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында белгіленеді.

3. Кооператив мүшелері сот тәртібімен ауыл шаруашылығы кооперативін басқару органдарының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасай алады.

34-бап. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы

1. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы ауыл шаруашылығы кооперативін жоғары басқару органы болып табылады.

2. Кооперативтің қауымdasқан мүшелерін қоспағанда, кооперативтің әрбір мүшесінің ауыл шаруашылығы кооперативі қызметінің барлық мәселелері бойынша шешімдер қабылдаған кезде өзінің мүлік (пай) журналарының мөлшеріне және санына қарамастан бір дауысқа ие құқығы болады.

3. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының ерекше құзыretі:

1) атқарушы органды және оның басшысын сайлау, сондай-ақ оларды қайта сайлау;

2) ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысын жаңа редакцияда қабылдау;

3) атқарушы органдардың қаржылық есеп беру тәртібі мен кезеңділігін айқындау;

4) ауыл шаруашылығы кооперативінің жылдық есептерін және бухгалтерлік баланстарын бекіту, кооперативтік төлемдерді және ауыл шаруашылығы кооперативінің табысын немесе залалын бөлу;

5) кооперативтің қауымдастырылған мүшелерін қоспағанда, кооператив мүшелері жауапкершілігінің нысандарын айқындау;

6) кооператив мүшелерінің, сондай-ақ кооперативтің қауымдастырылған мүшелерінің мүлік (пай) жарналарының және қосымша жарналардың мөлшерін белгілеу және өзгерту;

7) ауыл шаруашылығы кооперативі қорларының түрлерін, мөлшерін, оларды қалыптастыру және пайдалану тәртібін белгілеу;

8) ауыл шаруашылығы кооперативіне мүшелікке қабылдау және мүшелікті тоқтату;

9) ауыл шаруашылығы кооперативін қайта ұйымдастыру және тарату;

10) ауыл шаруашылығы кооперативінің басқа занды тұлғаларды, сондай-ақ өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға және (немесе) олардың қызметіне қатысусы туралы шешімдерді осы Занда белгіленген шектерде қабылдау;

11) осы Занда және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында көзделген басқа да мәселелер болып табылады.

Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметіне қатысты кез келген мәселені өзінің қарауына қабылдауға құқылы.

4. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы қажеттілігіне қарай, бірақ жылына бір реттен сиретпей шақырылады. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы атқарушы органның ұсынысы бойынша немесе кооператив мүшелерінің кемінде үштен бірінің талабы бойынша шақырылады.

5. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы, егер онда кооператив мүшелерінің айқын басым көпшілігі үштен екі бөлігі қатысса, шешім қабылдауға құқылы. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышында шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады және осы Заңның 18-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, кооперативтің қатысып отырған мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданды деп есептеледі. Кооператив мүшелерінің жалпы жиналышында қатысып отырғандардың кемінде үштен бірінің талабы бойынша жасырын дауыс берілуі мүмкін.

6. Кооператив мүшесі кооператив мүшелерінің жалпы жиналышына өзі немесе өкілі арқылы қатысуға құқылы. Осы ауыл шаруашылығы кооперативінің басқа мүшелерін,

оның ішінде қауымдастырылған мүшелерін қоспағанда, кооператив мүшесінен нотариат куәланың тұлғасы бар, іс-әрекетке қабілетті жеке тұлға өкіл ретінде болуға құқылы.

35-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің басқармасы

1. Ауыл шаруашылығы кооперативінің атқарушы органды оның басқармасы болып табылады, оның мүшелерін кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы сайлайды.

2. Басқарманы кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы басқарма мүшелерінің арасынан сайлайтын басқарманың төрағасы басқарады.

Мүшелерінің саны оннан аспайтын ауыл шаруашылығы кооперативтерінде басқарманың функцияларын ауыл шаруашылығы кооперативінің төрағасына (жеке-дара атқарушы орган) жүктеге жол беріледі.

Басқарма мүшелерінің саны, сондай-ақ басқарма (ауыл шаруашылығы кооперативінің төрағасы) сайланатын мерзім ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында айқындалады.

Басқарма мүшесі (ауыл шаруашылығы кооперативінің төрағасы), кооператив мүшелерінің жалпы жиналышын қоспағанда, бір мезгілде ауыл шаруашылығы кооперативі басқармасының басқа органдың мүшесі бола алмайды.

3. Басқарма мүшелері (ауыл шаруашылығы кооперативінің төрағасы) кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешімі бойынша кез келген уақытта міндеттерін атқарудан босатылуы мүмкін.

Басқарманы (ауыл шаруашылығы кооперативінің төрағасын) кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы бақылайды және басқарма оған есеп береді.

4. Басқарманың (ауыл шаруашылығы кооперативі төрағасының) құзыретіне ауыл шаруашылығы кооперативі қызметінің осы Заңмен және ауыл шаруашылығы кооперативінің құрылтай құжаттарымен кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының ерекше құзыретіне жатқызылмаған барлық ағымдағы мәселелерін шешу жатады.

5. Басқарма өзінің шешімдерін қажеттілігіне қарай, бірақ үш айда бір реттен сиретпей өткізілетін отырыстарда қабылдайды.

Басқарманың отырысы, егер онда басқарма мүшелерінің үштен екісі қатысса, заны болып есептеледі.

Басқарма отырысындағы мәселелер ашық дауыс берумен шешіледі. Басқарманың шешімі, егер оған басқарма мүшелерінің отырысында қатысып отырғандардың үштен екісі дауыс берсе, қабылданған болып есептеледі.

Ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында бірқатар мәселелер көзделуі мүмкін, олар бойынша шешімдер, басқарманың барлық мүшелері бірауыздан дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

6. Басқарма төрағасы (ауыл шаруашылығы кооперативінің төрағасы) ауыл шаруашылығы кооперативінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді; осы Заңда және ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысында көзделген шектерде ауыл шаруашылығы

кооперативінің мүлкіне билік етеді; ауыл шаруашылығы кооперативінің атынан сенімхаттар, оның ішінде сенімді басқа біреуге аудару құқығымен береді; екінші деңгейдегі банктерде және басқа да қаржы ұйымдарында ауыл шаруашылығы кооперативінің шоттарын ашады; ауыл шаруашылығы кооперативінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады; өз құзыреті шегінде кооператив мүшелерінің және оның жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді.

36-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру

1. Ауыл шаруашылығы кооперативі өзінің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеруді кооператив мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігінің бастамасымен (бастамашы тексеру тобы) дербес немесе кооператив мүшелерінің жалпы жиналышының шешімімен бақылау органын – тексеру комиссиясын құру жолымен немесе осы Заңның 37-бабына сәйкес ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одағына кіру арқылы жүзеге асыруға құқылы.

2. Бастамашы тексеру тобының немесе тексеру комиссиясының құрамында тексеру жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудиторлар, қаржы және бухгалтерлік есеп саласындағы мамандар және көрсетілетін қызметтері үшін төлем ауыл шаруашылығы кооперативінің есебінен жүзеге асырылатын басқа да адамдар тартылуы мүмкін.

Басқарма мүшелері бастамашы тексеру тобының немесе тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

Бастамашы тексеру тобы және тексеру комиссиясы кооператив мүшелерінің жалпы жиналышына есеп береді.

3. Бастамашы тексеру тобының немесе тексеру комиссиясының мүшелері ауыл шаруашылығы кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізген кезде ауыл шаруашылығы кооперативінің барлық құжаттамасына кедергісіз қол жеткізу құқығына ие болады. Олардың талап етуі бойынша басқарма мүшелері (ауыл шаруашылығы кооперативінің төрағасы) ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндірмелер беруге міндетті. Тексерудің нәтижелері кооператив мүшелерінің жалпы жиналышына тиісті шешімдер қабылдау үшін жолданады.

37-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одағы

1. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одағы (бұдан әрі – тексеру одағы) – коммерциялық емес ұйым нысанында құрылған және оған кіретін ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қаржы-шаруашылық қызметінің ішкі аудитін, осы қызметті үйлестіруді, тексеру одағының мүшелеріне ішкі аудитке ілеспе қызметтер көрсетуді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, тексеру одағының құрылтай құжаттарында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ерікті бірлестігі.

2. Тексеру одағы оның құрылтайшылары болып табылатын кемінде он ауыл шаруашылығы кооперативінің бастамасы бойынша құрылады.

3. Ауыл шаруашылығы кооперативі өзінің таңдауы бойынша тексеру одақтарының біріне кіруге құқылы. Ауыл шаруашылығы кооперативінің бір мезгілде біреуден артық тексеру одағына мүше болуға құқығы жоқ.

4. Тексеру одағы өз қызметін осы Занға, жарғыға және құрылтай шартына сәйкес жүзеге асырады. Тексеру одағы мүшелерінің жалпы жиналысы және тексеру одағы мүшелерінің жалпы жиналысы сайлайтын оның байқаушы кеңесі тексеру одағын басқарудың жоғары органдары болып табылады. Байқаушы кеңесі еңбек шарты негізінде жалдайтын атқарушы директоры тексеру одағының атқарушы органы болып табылады.

5. Тексеру одағы тексеру одағы мүшелерінің жалпы жиналысы бекітетін тексеру одағының қағидаларына сәйкес ішкі аудитті жүзеге асырады.

6. Тексеру одағының қаржылық қызметі оның құрылтай құжаттарына сәйкес тексеру одағы мүшелерінің жалпы жиналысында бекітілетін кірістер және шығыстар сметасы негізінде жүзеге асырылады. Тексеру одағының ішкі аудитті жүзеге асыруға және ішкі аудитке ілеспе қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығыстары мүшелік журналар есебінен өтеледі, олардың мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілген смета немесе өзге де көздер негізінде белгіленеді.

7. Тексеру одағы ішкі аудит нәтижелері бойынша жазбаша нысанда ішкі аудит қорытындысын жасайды, ол кооператив мүшелеріне және ауыл шаруашылығы кооперативінің бухгалтерлік есептілігін өзге де пайдаланушыларға арналған және тексеру одағының ауыл шаруашылығы кооперативінің бухгалтерлік есептілігінің дұрыстығы, ауыл шаруашылығы кооперативінің бухгалтерлік есептілікті жүргізу тәртібінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі, ауыл шаруашылығы кооперативін басқарушы органдардың жарғының және Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін сақтауы туралы белгіленген нысанда білдірген пікірін, сондай-ақ тексеру одағы мүшелерінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін нашарлатуға немесе олардың дәрменсіздігіне (банкроттығына) әкеп соғуы мүмкін анықталған бұзушылықтар туралы деректерді қамтитын ресми құжат болып табылады.

8. Ишкі аудит қорытындысының нысаны, мазмұны, оған қол қою және оны ұсыну тәртібі тексеру одағының қағидаларында айқындалады.

9. Тексеру одағы анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою туралы нұсқамалар беруге және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға құқылы.

10. Тексеру одағының байқаушы кеңесі мүшелері санының кемінде елу пайызын осы тексеру одағының мүшелері болып табылатын ауыл шаруашылығы кооперативтері тексеру комиссияларының мүшелері құрауға тиіс.

11. Тексеру одағының атавы "Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тексеру одағы" деген сөздерді қамтуға тиіс.

38-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметінің аудиті

1. Ауыл шаруашылығы кооперативінің жылдық қаржылық есебінің, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйінің дұрыстығын тексеру және растау үшін кооператив мүшелерінің кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша шақырылатын оның мүшелерінің жалпы жиналышы ауыл шаруашылығы кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметіне тәуелсіз аудит үйімін тарту арқылы аудит жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Аудит қорытындылары бойынша есепті кооператив мүшелерінің жалпы жиналышы ол аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде қарайды және бекітеді.

2. Кооператив мүшелері ауыл шаруашылығы кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметіне аудитті өз есебінен жүргізуді талап етуге құқылы.

3. Егер атқарушы орган ауыл шаруашылығы кооперативінің қаржы-шаруашылық қызметіне аудит жүргізуден жалтарса және (немесе) өзгеше кедергі келтірсе, аудит мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша қабылданған соттың шешімі бойынша тағайындалуы мүмкін.

39-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастықтары (одақтары)

1. Ауыл шаруашылығы кооперативтері коммерциялық емес үйімдар болып табылатын ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастықтарына (одақтарына) бірігуі мүмкін.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастықтары (одақтары) ерікті негізде құрылады, олардың құрылтайшылары жүктеген функцияларды атқарады.

3. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастықтарын (одақтарын) ауыл шаруашылығы кооперативтері олардың қызметін үйлестіру, олардың ортақ мұліктік және өзге де құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету, мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, мемлекеттік және мемлекеттік емес үйімдарда, халықаралық үйімдарда олардың мүдделерін білдіру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтері қауымдастығының (одағының) мүшелеріне құқықтық, ақпараттық, консультациялық және өзге де қызметтерді көрсету мақсатында кемінде екі ауыл шаруашылығы кооперативінің жалпы жиналышының шешімдері негізінде құрады.

4. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастығы (одағы) құрылтай шарты және жарғы негізінде әрекет етеді, бұл ретте оның мүшелері өзінің дербестігі мен занды тұлға құқығын сақтайды.

5. Ауыл шаруашылығы кооперативтері қауымдастығының (одағының) негізгі функциялары мыналар:

1) ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің бірлестіктерін дамытуда үйлестіру және оған жәрдемдесу, ауыл шаруашылығы кооперациясының идеялары мен қағидаттарын насихаттау;

2) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің, олардың мүшелерінің құқықтарын, мұліктік және экономикалық мүдделерін қорғау, оларға құқықтық, әдістемелік және

басқа да қажетті практикалық көмек көрсету, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қызметінде пайда болатын құжаттарды әзірлеу;

3) мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мүдделерін білдіру, сыртқы экономикалық байланыстарды, халықаралық өзара қатынастарды дамыту, инвестицияларды тартуға жәрдемдесу;

4) ауыл шаруашылығы кооперативтерін материалдық-техникалық қамтамасыз ету, салааралық алмасуды және ауыл шаруашылығы өніміне, акваөсіру (балық өсіру шаруашылығы) өніміне баға белгілеуді реттеу мәселелерінде жәрдемдесу;

5) мемлекеттік органдармен бірлесіп нарық инфрақұрылымын қалыптастыруға, ауыл шаруашылығы кооперативтері қауымдастырының (одағының) мүшелеріне ақпараттық және білім беру қызметтерін дамытуға қатысу;

6) жаңа техниканың, технологияның енгізілуіне жәрдемдесу, тәжірибе, ғылыми-техникалық ақпарат алмасуды ұйымдастыру және патент-лицензия жұмысы мен лизингті ұйымдастыру.

6. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастықтары (одақтары) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, құрылтай шартында немесе жарғыда көзделген басқа функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

7. Ауыл шаруашылығы кооперативтері қауымдастықтарының (одақтарының) қызметін қаржыландыру осы қауымдастыққа (одаққа) біріккен ауыл шаруашылығы кооперативтерінің жыл сайынғы шарттық аударымдары (мүшелік журналары) арқылы жүзеге асырылады.

8. Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің қауымдастықтарын (одақтарын) қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7-тaraу. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КООПЕРАТИВІН ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

40-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативін қайта ұйымдастыру

1. Ауыл шаруашылығы кооперативін қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативі қайта ұйымдастырылған кезде ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысына өзгерістер және (немесе) толықтырулар немесе ауыл шаруашылығы кооперативінің жарғысын жаңа редакцияда қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Ауыл шаруашылығы кооперативі қайта ұйымдастырылған кезде оның құқықтары мен міндеттері тапсыру актісіне және (немесе) бөлу балансына сәйкес құқықтық

мирасқорларына ауысады. Көрсетілген құжаттарда тараптар дауласып отырған міндеттемелерді қоса алғанда, қайта үйымдастырылатын ауыл шаруашылығы кооперативінің барлық кредиторлары мен борышкерлеріне қатысты барлық міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқорлық туралы ережелер қамтылуға тиіс.

4. Тапсыру актісі және (немесе) бөлу балансы кооператив мүшелерінің жалпы жиналысында бекітіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу үшін ұсынылады.

41-бап. Ауыл шаруашылығы кооперативін тарату

1. Ауыл шаруашылығы кооператив мүшелерінің жалпы жиналысының шешімі бойынша (ерікті түрде тарау) немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда сот шешімінің негізінде таратылуы (мәжбүрлеп тарату) мүмкін.

2. Ауыл шаруашылығы кооперативін тарату Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасының, сондай-ақ осы Заңның талаптары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

42-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы" 1999 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 21, 770-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2012 ж., № 21-22, 124-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат);

2) "Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 23, 413-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат);

3) "Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы" 2003 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 6, 35-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 6, 49-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 10, 52-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Селолық тұтыну кооперативтері, су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативтері, ауыл шаруашылығы серіктестіктері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қайта үйымдастыру немесе тарату рәсімдерінен өтүге міндетті.

Көрсетілген талаптар осы Заң күшіне енген сәттен бастап бір жыл ішінде орындалмаған кезде көрсетілген кооперативтер сottың шешімі бойынша таратылуға жатады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. НАЗАРБАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК